

Сыртқы барлау туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 22 мамырдағы № 277-IV Заны.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

ҚР Заңының қолданысқа енгізілу тәртібін 22-баптан қараңыз.

Осы Заң Қазақстан Республикасы сыртқы барлау субъектілерінің және Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың мэртебесін, құзыретін және қызметінің ұйымдастырылуын айқындайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) барлау ақпараты – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алынатын және (немесе) пайдаланылатын ақпарат;

1-1) барлау іс-шарасы – барлау міндеттерін шешу үшін сыртқы барлау субъектілері жүзеге асыратын жария және жария емес іс-қимылдар;

1-2) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы – ел басшылығын барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ белгіленген құзырет шегінде сыртқы барлау субъектілерінің барлау мүмкіндіктерін қүшетуге ықпал ететін іс-шараларға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жиынтығы;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы барлауы – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде заннамаға сәйкес жүзеге асырылатын жария және жария емес барлау, ұйымдастыру және басқару шараларының жүйесі;

2-1) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – сыртқы барлау органы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

3) сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметі – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне орай барлау ақпаратына қол жеткізу,

оны өндөу және пайдалану, сондай-ақ мемлекет жүзеге асыратын шараларды іске асыруға жәрдемдесу жөніндегі қызмет.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Сыртқы барлау субъектілері

1. Сыртқы барлау субъектілеріне:

1) сыртқы барлау органды;

2) осы Заңның 6-бабының 3) тармақшасында көзделген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары жатады.

2. Сыртқы барлау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде барлау қызметін жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда – ҚР 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзегріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының сыртқы барлау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сыртқы барлау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсө, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-1-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің мақсаттары

Сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің мақсаттары ел басшылығы мен мемлекеттік органдарды барлау ақпаратымен қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін сыртқы қауіптерден қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін ілгерілету үшін жағдай жасау болып табылады.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Барлау қызметінің міндеттері

Сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Үкіметін және мемлекеттік органдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының

ұлттық мұдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) елдің экономикалық дамуына және ғылыми-техникалық прогресіне және Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін әскери-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

4) барлау ақпаратына қол жеткізу және шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтері мен ұйымдары, террористік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар), сондай-ақ жекелеген адамдар тарапынан Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделері мен қауіпсіздігіне нақты және ықтимал нұқсан келтіруді болғызбауға бағытталған шараларды іске асыру;

5) зандарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер болып табылады.

5-бап. Сыртқы барлау субъектілері қызметінің принциптері

Сыртқы барлау субъектілерінің қызметі мынадай принциптерден тұрады:

- 1) зандылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 3) дара басшылық;
- 4) жария және жария емес әдістер мен құралдардың үйлесімдігі.

2-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ БАРЛАУ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Сыртқы барлау субъектілері қызметінің салалары

Барлау қызметін өз өкілеттіктері шегінде:

- 1) сыртқы барлау органды:

саяси, қаржы-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, әскери-саяси, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін қозғайтын өзге де салаларда;

Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерде шифрлік және радиотехникалық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып шифрленген, құпияландырылған, кодталған және өзге де арнаулы байланыс түрлері саласында;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің, олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында;

шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмыстық қоғамдастықтардың (қылмыстық ұйымдардың) және жекелеген адамдардың Қазақстан

Республикасының конституциялық құрылышын күшпен өзгертуге, қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметіне қарсы іс-қимыл саласында;

экстремизмге және террористік әрекетке қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ шекаралық саясат және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, Қазақстан Республикасының аумақтық сularы мен континенттік қайрақын күзетуді жедел қамтамасыз ету саласында;

2) алып тасталды – ҚР 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары:

әскери, әскери-саяси, әскери-экономикалық және әскери-техникалық салаларда, террористік және экстремистік ұйымдарға қарсы іс-қимыл жасау, радиоэлектрондық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып, шифрланған, құпияланған және арнаулы байланыстың өзге де түрлері салаларында және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі әскери құрамдасының мұдделерін қозғайтын басқа да салаларда жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.23 № 14-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2014 N 185-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 N 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2021 № 11-VII (2018 жылғы 12 тамызда жасалған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция күшіне енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы барлау саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің негізгі бағыттарын және басымдықтарын айқындайды;

2) сыртқы барлау органын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

3) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне және Үкіметіне сыртқы барлау субъектілерін басқа да мемлекеттік органдармен үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау және барлау қызметін жетілдіру жөніндегі мәселелерді қарастыруға тапсырма береді;

4) сыртқы барлау органының басшысын қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

- 5) сыртқы барлау органының ережесін, сондай-ақ оның басшысының ұсынуымен органның құрылымын және жалпы штат санын бекітеді;
- 6) сыртқы барлау органы басшысының орынбасарларын оның басшысының ұсынуы бойынша қызметке тағайындауды және қызметтөн босатады;
- 7) жоғары офицерлік және басқарушы құрамдағы адамдар орналасатын сыртқы барлау органы қызметтерінің тізбесін бекітеді;
- 7-1) арнаулы атақтар берілетін сыртқы барлау органының лауазымдары тізбесін бекітеді;
- 7-2) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушылардың тізбесін айқындауды;
- 8) сыртқы барлау органының қызметін бақылайды, тексеруші органдарды тағайындауды, олардың мақсаттарын, міндеттерін және өкілеттіктерін айқындауды, бақылау нысандары мен оны жүзеге асыру тәртібін белгілейді;
- 9) өзі айқындаған тәртіппен және мерзімдерде сыртқы барлау органы басшысының есебін тыңдауды;
- 10) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің құзыреті

Сыртқы барлау субъектілерінің құзыретіне мыналар жатады:

- 1) барлау ақпаратына қол жеткізу, оны жинақтау, талдау, жүйелеу және қорыту, оның негізінде ұсыныстар, бағалау мен болжамдар дайындау;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тысқары жерлерде барлау қызметін жүзеге асыру;
- 3) жасырын көмек көрсетуге келісім берген адамдармен ақы төленбейтін не ақылы негізде жария емес ынтымақтастық орнату;
- 4) сыртқы барлау субъектілерінің әскери қызметшілерін, қызметкерлері мен жұмыскерлерін шифрлау, оның ішінде осы мақсаттар үшін өзге де ведомстволық тиесілілікті пайдалана отырып, олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі шараларды іске асыру;
- 5) сыртқы барлау субъектілеріне жасырын көмек көрсететін адамдарды, сыртқы барлау субъектілері бөлімшелерінің, ұйымдарының, үй-жайларының және көлік құралдарының ведомстволық тиесілілігін шифрлеу жөніндегі шараларды іске асыру;
- 6) барлау қызметінің міндеттерін шешу үшін мемлекеттік органдардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардан қажетті ақпарат алу;

7) сыртқы барлау субъектілерінің қауіпсіздігін олардың өз күштерін, құралдары мен ақпараттарын заңға қайшы іс-әрекеттер мен қатерлерден қорғауы арқылы қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) радиотехникалық және радиоэлектрондық барлауды жүзеге асыру;

10) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі сыртқы барлау субъектілерінің және сыртқы саясат саласындағы уәкілдегі органдарын бірлескен нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін физикалық қорғауды ұйымдастыру және жүзеге асыру "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен регламенттеледі;

11) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің мемлекеттік құпияларын қорғауды қамтамасыз ету;

12) өзінің қорғалған байланыс жүйесін пайдалану;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың ақпараттық жүйелерін және электрондық ақпараттық ресурстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері негізінде шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ақпараттық жүйелерін пайдалану;

14) жалпы және арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру;

15) заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де өкілеттіктерді орындау.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.16 № 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

9-бап. Сыртқы барлау органының құзыреті

Сыртқы барлау органының құзыретіне осы Заңның 8-бабында көзделген ережелерден басқа, мыналар да жатады:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламенті мен Үкіметіне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және мемлекеттік ұйымдарына барлау ақпаратын беру;

2) мемлекет басшылығының саяси, әскери-саяси, қаржы-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін қозғайтын өзге де салалардағы саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне сыртқы барлауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметін үйлестіру;

4-1) осы Заңның 12-1-бабында көзделген, Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастыры қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

5) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) жүзеге асырылатын барлау қызметінің стратегиясын және тактикасын әзірлеу;

8) барлау қызметі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және бекіту;

9) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басқа да күштерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасу. Сыртқы барлау органының Қазақстан Республикасының мұдделі мемлекеттік органдарымен өзара Іс-қимыл жасасу тәртібі бірлескен нормативтік құқықтық актілермен айқындалады, ал, меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының ұйымдарымен – келісімде белгіленеді;

9-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлау іс-шараларын жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерімен, құқық қорғау органдарымен, үкіметтік және арнайы байланыс органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен байланыстар орнату, сақтау және дамыту, ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу;

11) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) оның объектілерінде құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау, оларды кейіннен құқық қорғау органдарына тапсыру;

13) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету, өз объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін, жеке және инженерлік-техникалық қорғалуын жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін арнаулы байланыс түрлерімен жарактандыру, инженерлік-техникалық қорғалуын, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің техникалық арналар арқылы таралып кетуін болғызыбау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

15) жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, ұйымдастыру және жүргізу;

16) сыртқы барлау органындағы қызметке немесе жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын іріктеу, арнайы тексеруден өткізу, кадрға есепке алынған қызметкерлер мен жұмыскерлерге мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат беруді ресімдеу (қайта ресімдеу), Қазақстан Республикасының оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің оқу орындарында, оның ішінде арнаулы оқу орындарында кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

17) барлау қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

18) ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру, басқа мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлер мен білімнің түрлі салаларының мамандарын тарту арқылы өз қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес сарапшылық топтарын құру;

19) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) бөлімшелердің, объектілердің, үй-жайлардың, көлік құралдарының, қызметкерлер мен жұмыскерлердің, жасырын жәрдем көрсететін адамдардың ведомстволық тиесілігін шифрлайтын құжаттарды, өзге де әдістер мен құралдарды пайдалану;

20-1) қызметкерлердің және сыртқы барлау органына жасырын көмек көрсететін адамдардың жеке басын, бөлімшелердің, объектілердің, үй-жайлар мен көлік құралдарының ведомстволық тиесілігін шифрлау мақсатында, оларды дайындау және (немесе) ресімдеу тәртібін сыртқы барлау органының басшысы айқындайтын басқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың құжаттарын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде пайдалану үшін дайындау және ресімдеу.

20-2) сыртқы барлау органы басшысының немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адамның жедел-қызметтік жұмыс материалдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жария сипат берілгенге дейін оларға қолжетімділікті шектеуді қамтамасыз ететін өкімдік қызметі арқылы барлау және өзге де жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде, осы қызметтің нәтижелері көрсетілетін материалдарды іске асыру кезінде астыртын әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпарат көздерін құпиясыздандыруға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қолдану;

21) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

22) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

23) жеке және занды тұлғаларды зерделеу мен тексеруден кейін оларға өз объектілерін қорғау және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарға рұқсат беруді жүзеге асыру;

24) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзінің объектілері мен үй-жайларын қорғауды қамтамасыз ету үшін қаруды, арнаулы құралдар мен дене күшін қолдану;

25) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және саяси баспана беру туралы мәселелерді шешуге қатысу;

27) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

28) зандарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де өкілеттіктерді орындау.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.16 № 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2014 N 185-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-1-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының құзыреті

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының құзыретіне, осы Заңның 9-бабының 2) – 4), 7), 9-1), 10), 14), 16), 20-1), 20-2) және 26) тармақшаларын қоспағанда, осы Заңның 8-бабында көзделген ережелерден басқа, 9-бабының ережелері жатады.

Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Барлау қызметін жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Барлау қызметі процесінде сыртқы барлау субъектілері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жария және жария емес әдістер мен құралдарды пайдаланады.

2. Барлау қызметінің әдістері мен құралдары адам өмірі мен денсаулығына зиянын тигізбеуге және қоршаған ортаға нұқсан келтірмеуге тиіс.

3. Барлау қызметін жүзеге асыру процесінде сыртқы барлау субъектілеріне белгілі болған жеке өмір, жеке және отбасылық құпия туралы немесе заңмен қорғалатын коммерциялық, банктік немесе өзге де құпияға қатысы бар ақпарат, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды.

11-бап. Барлау қызметі туралы мәліметтерді сақтау

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сыртқы барлау органының барлау қызметі саласындағы мәліметтері тек қана сыртқы барлау органының арнайы мемлекеттік мұрағатында сақталады.

12-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің өзара іс-қимылы

1. Сыртқы барлау субъектілері өздеріне жүктелген міндеттерді шешу кезінде бір-бірімен, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерімен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде сыртқы барлау субъектілеріне барлау қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесуге міндетті.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі сыртқы барлау органының қызметкерлері туралы мәліметтерді шифрлау қажет болған жағдайда олардың иелері болып табылатын мемлекеттік органдар тиісті электрондық ақпараттық ресурстарды өндеу жөніндегі қажетті шараларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен қабылдайды.

3. Сыртқы барлау субъектілерінің бір-бірімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде өзірленген олардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

12-1-бап. Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастырының қызметін ұйымдастырудың жалпы шарттары

1. Қазақстан Республикасы барлау қоғамдастыры қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі жүзеге асырады.

2. Сыртқы барлау субъектілері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастырына қатысуышыларға ұлттық қауіпсіздіктің сыртқы қауіп-қатерлерін мониторингтеуді, талдауды, бағалауды және болжауды жүзеге асыру, оларды бейтараптандыру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу, сыртқы барлау субъектілеріне жәрдем көрсету жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

3. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастырына қатысуышылардың өзара іс-қимылы:

ұйымдастырушылық;

жедел;

талдамалық;

әдістемелік;

техникалық;

бағдарламалық-аппараттық және өзге де бағыттар бойынша, сондай-ақ ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін өзара ақпарат алмасу және келісілген іс-қимылдар арқылы жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін олардың уәкілетті өкілдері сыртқы барлау органына іссапарға жіберіледі және (немесе) жіберіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымының уәкілетті өкілдерін сыртқы барлау органына іссапарға жіберу және (немесе) жіберу, сондай-ақ олардың қызметін жүзеге асыру тәртібін сыртқы барлау органының бірінші басшысы және Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына басқа қатысуышының бірінші басшысы бірлескен нормативтік құқықтық актіде айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысуышылардың бірінші басшылары Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы қызметінің шеңберінде қабылданған шешімдерді іске асыру үшін тиісті құқықтық актілер шығара алады.

Ескерту. 2-тaraу 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің кадрлары

1. Сыртқы барлау органының кадрларын қызметкерлер мен жұмыскерлер құрайды.

2. Сыртқы барлау органының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

3. Сыртқы барлау субъектілерінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде міндеттерін атқару кезінде қамауға немесе кепілге алынған, сондай-ақ бейтарап елдерге тұруға еріксіз жіберілген қызметкерлері мен әскери қызметшілері қызметкерлер мен әскери қызметшілер мәртебесін сақтайды. Сыртқы барлау субъектілерінің және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары халықаралық құқық нормаларына сәйкес аталған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

4. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері барлау қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өздерінің ведомстволық тиесілілігін ашпай әрі әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметте қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға лауазымдық қызметке тұруы және іссапарға жіберілуі мүмкін.

Аталған органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыртқы барлау субъектілеріне тиесілілігі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

5. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері кадрлар есебінде, қолданыстағы резервте және запаста тұрады. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару мен арнайы құралдарды алып жүргүе, сақтауға құқығы бар.

Сыртқы барлау органының басшысы қызметкерлердің жекелеген санаттарының сыртқы барлау органындағы қызметке алынғанға дейінгі еңбек қызметі өтілін олардың еңбек сінірген жылдарына есептейді.

Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындаған уақыты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен зейнетақы төлемдерін тағайындау, арнаулы атақ беру және лауазымдық айлықақы есептеу үшін женілдікпен есептеле отырып, еңбек сінірген жылдарына есепке жатқызылуға тиіс.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Сыртқы барлау органдары қызметкерлерінің заңды талаптары азаматтардың, лауазымды адамдардың және ұйымдардың орындауы үшін міндетті. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш көрсетумен қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы менabyroйына, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басқа да іс-әрекеттер, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анаы бөлек аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің, қарындастарының, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) өміріне, денсаулығына, ар-намысына, abyroйына және мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа экеп соғады.

Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауларына байланысты олардың мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарының (ата-аналарының,

балаларының, асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінің және апа-сіңлілерінің, қарындастарының, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражаты есебінен толық көлемде өтеледі. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындалады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің құқығы

Сыртқы барлау органының қызметкерлеріне қару мен арнайы құралдарды алып жүру, сактау және қолдану құқығы беріледі. Олар дene күшін, оның ішінде құрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға да құқылы. Қаруды, арнайы құралдарды және дene күшін қолдану тәртібі осы Занда айқындалады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдану шарттары мен шектері

1. Сыртқы барлау органының қызметкерлері арнайы дайындықтан өтуге, дene күшін, арнайы құралдар мен қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға жарамдылығын кезең-кезеңмен тексеруден өтуге міндettі.

2. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде сыртқы барлау органының қызметкері өзінде арнайы құралдар немесе қару болмаған жағдайда қолына түскен кез келген құралдарды, сондай-ақ осы Занда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қарулануға алынбаған басқа қаруды қолдануға құқылы.

3. Егер қорғау құзетілетін адамдарға, басқа азаматтарға, құзетілетін объектілерге немесе сыртқы барлау органы қызметкерінің өзіне қол сұғудың сипаты мен қауіптілігіне сәйкес келетін болса, сыртқы барлау органының қызметкері зандарда көзделген жағдайларда дene күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы қолдануға байланысты келтірілген моральдық, материалдық зиян және дene зақымы үшін жауаптылықта болмайды.

4. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің дene күшін, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы өкілеттігін асыра қолдануы занда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Терроризмге қарсы операциялар жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияға қатысушы сыртқы барлау органы қызметкерлерінің террористерге қатысты дene күшін, жауынгерлік және өзге да техниканы, қару мен арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік жануарларды осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген ескертусіз және шектеусіз қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
16-1-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің дene күшін қолдануы

1. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне, олардың және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мұдделеріне қол сұғатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайларды ескере отырып, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған адамдарды ұстап алу, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері сыртқы барлау органына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпесе, дene күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

2. Сыртқы барлау органы қызметкерінің осы Заңда арнайы құралдарды немесе қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дene күшін қолдануға құқығы бар.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-2-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдануы

1. Сыртқы барлау органының қызметкерлері қарулануға алынған арнайы құралдарды мынадай жағдайларда:

- 1) азаматтарға және күзетілетін адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- 2) сыртқы барлау органы күзететін ғимараттарға, құрылыштарға, үй-жайларға, басқа да объектілер мен көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін, сол сиякты оларды басып алған жағдайда осы объектілер мен құралдарды босату үшін;
- 3) қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу үшін;
- 4) қару, оқ-дәрі, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды заңсыз ұстаушы адамдарды қарусыздандыру үшін;
- 5) сыртқы барлау органының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне не күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартылған басқа адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
- 6) құқық бұзушыларды, сыртқы барлау органының немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді атқаруға қарсылық көрсететін немесе қасақана кедергі келтіретін адамдарды ұстau үшін;
- 7) егер ұсталған, қамауға алынған адамдар, сондай-ақ сottалған, күдікті және айыпталушы адамдардың қашып кетуі немесе айналасындағыларға немесе өзінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды күзетпен апару және күзету кезінде, сондай-ақ сыртқы барлау органы қызметкерлерінің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына кедергі келтіретін адамдарға қатысты;

8) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтардың, күзетілетін адамдар мен объектілердің өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының абыройы мен меншігіне қол сұғатын жаппай тәртіпсіздіктің, топтық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін;

9) егер басқа тәсілдермен күзетілетін адамдар үшін нақты қауіпті тойтару мүмкін болмаса, жүргізушісі сыртқы барлау органы қызметкерінің тоқтау туралы талабын орындаған көлік қуралын тоқтату үшін;

10) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқылы.

2. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің, азаматтар мен күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтық шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, күзетілетін адамға бағыттап, сондай-ақ жүктілік белгілері анық білінетін әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және жас балаларға қатысты арнайы қуралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

3. Сыртқы барлау органы қолданатын арнайы қуралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. Заң 16-2-баппен толықтырылды - КР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-3-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қару қолдануы және жауынгерлік техниканы пайдалануы

1. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің қару мен жауынгерлік техниканы соңғы шара ретінде мынадай:

1) азаматтарға, күзетілетін адамдарға, сондай-ақ күзету сыртқы барлау органының қызметкерлеріне тапсырылған басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) сыртқы барлау органы күзететін ғимараттарға, құрылыштарға, үй-жайлар мен басқа да объектілерге және көлік қуралдарына жасалған шабуылды тойтару үшін;

3) сыртқы барлау органының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, осы орган күзет іс-шараларын қамтамасыз етуге тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ сыртқы барлау органының қаруын, көлік қуралын, арнайы және жауынгерлік техникасын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу үшін;

4) азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды және арнаулы жүктөрді босату үшін;

5) қылмыс жасау кезінде не тікелей қылмыс жасағаннан кейін үстінен түскен, қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды, сондай-ақ өзіндегі қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды тапсыру туралы занды талапты орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстau үшін;

6) сыртқы белгілері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы басқа азаматтардың, күзетілетін адамдардың және сыртқы барлау органы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына

төндіретін нақты қауіптің болуын күәландыратын адамдарды оқшаулау және ұстай үшін;

7) қылмыс жасады деп күдік туғызатын және айыпталатын адамдардың қамауда отырған жерден қашуының немесе қылмыс жасады деген құдікпен ұсталған адамдардың, оларға қатысты қамауға алу түріндегі жаза қолданылған, бас бостандығынан айыруға сottалған адамдардың күзетуден қашуының, сондай-ақ аталған адамдарды күшпен босатуға ұмтылудың жолын кесу үшін;

8) егер жүргізушісі күзетіletіn адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырса және сыртқы барлау органы қызметкерінің тоқтау бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

11) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Азаматтардың, сыртқы барлау органы қызметкерлері мен күзетіletіn адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, топтық шабуыл жасаған, кепілге адамдарды, объектілерді, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін алған жағдайларды қоспағанда, күзетіletіn адамға бағыттап, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білінетін адамдарға және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Сыртқы барлау органының қызметкерлері қару қолданған барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, қару қолданғаны туралы тікелей бастығына баяндауға міндетті.

4. Адамдардың өліміне немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соққан қару, арнайы құралдар, дene күшін қолданудың әрбір жағдайы туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланады.

5. Сыртқы барлау органының қарулануында түрған қарудың, жауынгерлік техниканың түрлері мен ұрыс оқ-дәрілері жиынтығының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. Заң 16-3-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің жауаптылығы

Сыртқы барлау органының қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін және заңсыз іс-әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Сыртқы барлау субъектілеріне жасырын көмек көрсететін адамдар

1. Барлау қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін сыртқы барлау субъектілері ақы төленбейтін не ақылы негізде оларға жасырын көмек көрсетуге келісімін берген, кәмелеттік жасқа толған әрекетке қабілетті адамдармен жария емес ынтымақтастық қатынастарын орнатады. Аталған адамдармен өзара қарым-қатынастар тәртібі сыртқы барлау субъектілерінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

2. Сыртқы барлау субъектілеріне жасырын көмек көрсететін (көрсеткен) адамдардың және олардың отбасы мушелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сыртқы барлау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

Сыртқы барлау субъектілеріне жасырын көмек көрсететін (көрсеткен) адамдарды қорғауды өзге мемлекеттік органдар сыртқы барлау субъектілерімен өзара іс-қимыл тәртібі арқылы жүзеге асыруы мүмкін.

3-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛ ЕРЕЖЕЛЕР

19-бап. Сыртқы барлау органын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Сыртқы барлау органының қызметін қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

20-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметін ведомстволық бақылау

Сыртқы барлау субъектілерінің қызметін ведомстволық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына жүктеледі.

21-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің қызметін прокурорлық қадағалау

Қазақстан Республикасының аумағында сыртқы барлау саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.

Уәкілетті прокурорлардың тізбесі сыртқы барлау субъектісінің бірінші басшысымен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бүйрығымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының сыртқы барлау субъектілеріне жасырын жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдар туралы мәліметтер прокурорлық қадағалау нысанына кірмейді.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

22-бап. Осы Занда қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Зан алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК